

"Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 511 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 31 тамызда № 24175 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7415 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидалары:

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1 әкімшілік практика бөлінісінің басшысы не жауапты қызметкер осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза туралы соттардың шығарылған және орындалған қаулылары бойынша ай сайын салыстырып тексеруді жүргізуді қамтамасыз етеді".

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер Министрінің
2021 жылғы 27 тамыздағы
№ 511 бұйрығына қосымша
Ішкі істер органдары
арнайы қабылдау орнының
ішкі тәртіп қағидаларына
4-1 қосымша

нысан

**Әкімшілік қамау түріндегі жаза туралы соттардың шығарылған және орындалған
қаулылары бойынша салыстыру АКТІСІ**

№ р/ н	Әкімшілік қамауга алынған адамның Т.А.Ә (ол болған жағдайда)	Соттың атауы, қаулының шығарылған күні, қамау мерзімі	Құқық бұзушылықтың түрі (ӘКБтК бабы, бөлігі)	Қамау күні және уақыты	Босатылған күні және уақыты	Ескерту

Актіні жасаған қызметкердің қолы _____
(лауазымы, шені, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК